

**Созақ ауданы білім бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай – бақшасы МКҚК
әдістемелік кеңес отырысының**

ХАТТАМАСЫ № 1

Сызған ауылы

22 қыркүйек 2023 жыл

Қатысқандар: балабақша педагогтары

Тақырыбы: «Балабақшада технологияны қолдану».

Күн тәртібінде:

1. Әдістемелік бірлестіктің 2022-2023 оқу жылындағы жұмысын талдау.
2. Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылау, бекіту.
3. Нормативтік құқықтық құжаттарды қарау.
4. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларын дамыту мониторингін ұйымдастыру.

Тыңдалды: Жылысбаева Р - әдіскер

Балабақша әдіскері Р.Жылысбаева әдістемелік кеңес отырысын ашып, күн тәртібінің регламенттерімен таныстырды. Балабақшаның жылдық жоспарында жасалған әдістемелік бірлестіктің 2022-2023 оқу жылындағы жұмысына төмендегідей талдау жасады:

Бытырғы 2022 – 2023 оқу жылында қыркүйек, желтоқсан, ақпан және мамыр айларында 4 рет әдістемелік бірлестіктің отырысы болды.

Соңғы мамыр айында төмендегі жылдық есеп беру қорытындысымен аяқтаған болатынбыз.

1. Жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы туралы қорытынды талдау.
2. Балалардың біліктері мен дамуының қорытынды мониторингінің нәтижесін талдау.
3. Шығармашылық топтың жұмысы туралы есеп беру.

Сондай – ақ, ҚР мектепке дейінгі ұйымдарында 2022 – 2023 оқу жылында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы нұсқаулық хат және әдістемелік нұсқау хат 2022-2023 оқу жылында меншік түрі мен нысанына қарамастан білім беру ұйымдарының басшыларына, педагогтеріне тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда әдістемелік көмек көрсетуге арналған негізінде жұмыс жасадық. Бұл нұсқаулық хатта тәрбиешілерден 3 құжат

талап етіледі. Олар: Перспективалық жоспар үлгісі, Циклограмма үлгісі, Баланың жеке даму картасының үлгісі. Сондай – ақ, заттық дамытушы орта құру және ата – аналар мен балалар үшін кітапхана бұрышын ұйымдастыру көзделген. Ата – ана сол кітапханадан баласына қалаған кітапты алып үйде балаға оқып беруіне жағдай жасадық.

Келесі мәселе бойынша: биылғы 2023 – 2024 оқу жылындағы әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылаймыз.

Келесі әдістемелік бірлестіктің **№ 2-отырысы** қараша айында болады.

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалармен бірге құрастыру бойынша дидактикалық ойындар картотекасын әзірлеу».

1. Педагогтердің өз білімін жетілдіру жұмысының мақсаты мен міндеттерін анықтау.
2. Танертеңгі жаттығылардың орындалуын талқылау.
3. Гигиеналық машыктандыру әрекеті.

Әдістемелік бірлестіктің **№ 3-отырысы** ақпан айында болады.

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың заттық дамытушы орта арқылы ой өрістерінің дамуы».

1. Қысқы серуеннің денсаулыққа пайдасы.
2. ҰІӨ жүргізілуін бақылау.
3. Мерекелік іс шаралардың өтілуі.

Әдістемелік бірлестіктің **№ 4-отырысы** мамыр айында болады.

1. Әдістемелік бірлестік жұмысының қорытындысы.
2. Педагогтердің өз білімін жетілдіру бойынша есебі.
3. Жаңа 2024-2025 оқу жылының міндеттерін анықтау.

Барлық педагогтар әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарымен танысып, қосып – аларлары жоқ екенін айтты.

Келесі мәселе бойынша педагогтарды нормативтік құқықтық құжаттармен таныстыру.

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы
3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1-қосымша**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен таныстырды.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – стандарт) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-1) тармақшасына, 56-бабына сәйкес әзірленді және мыналарды: 1) тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына; 2) тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне; 3) тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптарды анықтайды.

2. Стандарт: 1) білім беру бағдарламаларының вариативтілігін қамтамасыз ету мақсатында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік және вариативтік оқу жоспарларын әзірлеу;

2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік және білім беру (вариативтік, жеке, бейімделген, қосымша) бағдарламаларын әзірлеу;

3) меншік түрлері мен нысанына, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдарда және мектептердің (лицейлердің, гимназиялардың) мектепалды сыныптарында (бұдан әрі - мектепалды сыныптар) тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда әдістемелік материалдар әзірлеу;

4) мектепке дейінгі ұйымдағы жас топтарының күн тәртібін әзірлеу;

5) әрбір баланың жан-жақты дамуы мен әлеуетін ашуға қолайлы жағдайлар жасау;

6) балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасау, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар және мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін арнайы жағдайлар жасау;

7) баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру; 8) балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін негіз болып табылады.

3. Осы Стандартта мынадай терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады:

1) білім алу үшін арнайы жағдайлар – оқу, сондай-ақ арнайы, жеке дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық, оқу

және өзге де құралдарды, өмір сүру ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдауды, медициналық, әлеуметтік және ерекше балалардың, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім беру бағдарламаларын меңгеруі үшін қажетті өзге де іс-әрекеттерді қамтитын жағдайлар;

2) дамытушы орта - заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта;

3) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар (бұдан әрі – ерекше балалар) – тиісті деңгейде және қосымша білім алу үшін арнайы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілігі бар балалар;

4) баланы толыққанды дамыту - қимыл белсенділігіне жағдай жасау, пайдалы және құнарлы тамақтандыру, жағымды қарым-қатынас орнату және дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі;

5) оқу бағдарламасы – меңгерілуі тиіс білім, біліктердің, дағдылар мен күзиреттіліктердің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама.

2-тарау. Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар

4. Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптары тәрбиелеу-білім беру қызметін:

1) осы стандартқа;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына 1-қосымшаға (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар);

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы);

5) мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

5. Тәрбиелеу-білім беру процесінде: әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады; балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіледі; салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қимылқозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдылар, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарымқатынасы, тәрбиеленушілердің қарымқатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздері, патриотизм қалыптасады; тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркемэстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамиды; Отанға, ана тіліне сүйіспеншілік тәрбиеленеді; баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалды, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беріледі.

6. Тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

7. Физикалық қасиеттерді дамыту. Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады. Дене шынықтыру ата-аналардың балаларға ерте жастан күтім жасауы мен оларды дамыту дағдыларына ие болуына жәрдемдесу, тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, әртүрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық, қимылды ойындарды, командамен жарыс сипатындағы ойындарды өткізу, спорттық жаттығуларды орындау, спорттық ойындардың элементтерімен таныстыру, шығармашылық қабілеттер мен командамен бірге әрекет ету дағдыларын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды.

8. Коммуникативтік дағдыларды дамыту. Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады. Коммуникативтік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің түрлі ісәрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен,

балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеу, шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту міндеттерін шешеді.

9. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту сенсорлық эталондар туралы түсініктерді, қарапайым математикалық ұғымдарды; құрастыру іс-әрекеті тәсілдерін меңгеру; креативті және сыни ойлауды дамыту; азаматтық және патриотизмге баулу, ұлттық мәдениетті құрметтеуді қарастырады.

10. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту. Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, ғылыми-зерттеу іс-әрекетін дамыту өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау бойынша міндеттерді қамтиды. Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту, тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдайлар жасалады.

11. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастырудың мақсаты тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу; өмірдегі жағдайларды шешу, айналадағы адамдарға құрметпен қарау, өз отбасының мүшесі екенін сезіну, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыру; тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттерін көрсетуге қабілеттілігі мен дайындығын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды, моральдық нормалардың талаптарына жауап беретін іс-әрекеттерге; Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру, заттар, жанды және жансыз табиғат құбылыстары жөнінде

білімдерді кеңейту, креативтік ойлауды дамыту бойынша міндеттерді қамтиды.

Балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамыту:

- 1) балалардың сезімдері мен эмоцияларын қабылдау, тану және қолдау;
- 2) баланың және айналасындағы адамдардың сезімдерін сөзбен жеткізу;
- 3) өзіне және айналасындағы адамдарға қамқорлық танытуға қолдау көрсету;
- 4) балалармен мәнді өзара қарым-қатынас орнату;
- 5) командада жұмыс істеу;
- 6) балалардың түрлі іс-әрекетінде топтағы қарым-қатынасты, бастаманы және дербестікті қолдау;
- 7) балалармен мазмұнды диалог жүргізу;
- 8) еркін ойын кезінде балаларға пікірлерін айтуға мүмкіндік беру арқылы жүзеге асырылады.

12. Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру:

- 1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);
- 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
- 3) сөйлеуді дамыту;
- 4) көркем әдебиет;
- 5) сауат ашу негіздері;
- 6) қазақ тілі (оқыту басқа тілдерде жүргізілетін топтарда);
- 7) сенсорика;
- 8) математика негіздері;
- 9) құрастыру;
- 10) қоршаған ортамен таныстыру;
- 11) сурет салу;
- 12) мүсіндеу;
- 13) жапсыру;
- 14) музыка бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады.

13. Тәрбиелеу-білім процесін жоспарлау кезінде вариативтілік және балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларын, әдістері мен тәсілдерін қолдану ескеріледі. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі.

14. Ерекше және мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу және оқыту кезінде баланың білім алу қажеттіліктеріне сәйкес үлгілік оқу, арнайы, жеке

/бейімделген білім беру бағдарламалары қолданылады.

15. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнында:

- 1) тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін іске асыру;
- 2) ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны;
- 3) білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру;
- 4) сабақтастық принциптерін, тәрбие мен оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз ету;
- 5) ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижелері қарастырылады.

16. Білім беру бағдарламалары (вариативтік, жеке, бейімделген, қосымша) Үлгілік оқу бағдарламасының негізінде әзірленеді және оларда:

- 1) Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнында айқындалған міндеттерге қол жеткізу;
- 2) мектепке дейінгі ұйым тандаған бағытқа және баланың білім алу қажеттіліктеріне сәйкес келетін мазмұн;
- 3) тәрбие мен оқыту мазмұнының сабақтастығы және үздіксіздік қағидаттарын қамтамасыз ету;
- 4) ұйымдастырылған іс-әрекет бойынша күтілетін нәтиже;
- 5) білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру;
- 6) тәрбиелеу мен оқытудың сынақтан өткізілген және бейімделген инновациялық әдістемелері мен технологияларын қолдану қарастырылады.

17. Тәрбиелеу-білім беру процесінде мектепке дейінгі ұйымдағы ісшаралардан тұратын күн тәртібіне (балаларды қабылдау, таңертеңгі жаттығу, тамақтану, серуендеу, күндізгі ұйқы, шынықтыру шаралары, балалардың үйге қайтуы) сәйкес балалар іс-әрекетінің түрлері (ұйымдастырылған, ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, заттық, қимылдық, бейнелеу) қарастырылады.

18. Тәрбиеленушілердің эмоционалдық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың белсенділік түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құрылады.

19. Ерекше балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бағалау көрсеткіштері білім беру траекториясын дамытуға және түзету жұмыстарын жоспарлауға негіз болып табылады.

20. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын игеру деңгейі Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшада ұсынылған баланың туғаннан бастап I-сыныпқа қабылданғанға дейінгі біліктері мен дағдыларының тізбесіне сәйкес мүмкін жетістіктерін айқындайтын нысаналы нәтижелерге бағдарланады.

21. Мектепке дейінгі ұйымның және мектепалды сыныбының түлегі: физикалық дамыған; ізденімпаз; бастамашыл; табанды; бейімделуге қабілетті, көпшіл; өзіне сенімді; командада жұмыс істей біледі; эмоционалды жауапты; өзі, отбасы, қоғам (жақын қоғам), мемлекет (ел), әлем және табиғат туралы алғашқы түсініктерге ие.

Келесі мәселе бойынша Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларын дамыту мониторингін ұйымдастыру. 2023 – 2024 оқу жылындағы бастапқы маниторингті анықтау жұмыстарын жүргіздік. Балалардың көпшілігі жаңадан келді. Түстердіде ажырата алмайды. Аралық маниторингке дейін балалармен көптеп жұмыс атқаруымыз керек, - деп сөзін аяқтады.

Жиналы шешім етті:

1. Әдістемелік бірлестіктің 2022-2023 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық.
2. Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқыланып, бекітілсін.
3. Нормативтік құқықтық құжаттар негізінде жұмыс жүргізілсін.
4. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларын дамыту мониторингі ұйымдастырылсын.

Балабақша әдіскері:

Хатшы:



Жылысбаева Р

Музафарова Қ

**Созақ ауданы білім бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай – бақшасы МКҚК
әдістемелік кеңес отырысының**

ХАТТАМАСЫ № 2

Сызған ауылы

10 қараша 2023 жыл

Қатысқандар: балабақша педагогтары

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалармен бірге құрастыру бойынша дидактикалық ойындар картотекасын әзірлеу»

Күн тәртібінде:

1. Педагогтердің өз білімін жетілдіру жұмысының мақсаты мен міндеттерін анықтау.
2. Таңертеңгі жаттығылардың орындалуын талқылау.
3. Гигиеналық машыктандыру әрекеті.

Тыңдалды: Жылысбаева Р - әдіскер

Балабақша әдіскері Р.Жылысбаева әдістемелік кеңес отырысын ашып, күн тәртібінің регламенттерімен таныстырды. Мектеп жасына дейінгі балалармен бірге құрастыру бойынша дидактикалық ойындар картотекасын әзірлеу қажеттілігі туралы айтты.

1. Бүгінде ғылым білімге қояр талап артып, оқу жүйесі де күрделенген шақта жаңа қоғам педагогтерге жүктелер жүк еселене түсуде. Ұстаз қолында, адам тағдыры, болашақ ел тағдыры тұр. Ұстаз қауымы алдында жай білім беру ғана емес, сонымен қатар өркениет көшіне жол бастайтын, әрі ұлттық рухта сусындаған білімді, дарынды азаматтар тәрбиелеп шығару міндеті тұр. Бұл жолда педагогтің кәсіби шеберлігін дамыту, біліктілігін арттыру сынды мәселелер балабақшаның алдында тұрған жауапты іс болмақ. Сондықтан педагог бес жылда бір өткізілетін курстар мен аттестация арқылы дамып отырыуы тиіс. Сонымен бірге әр түрлі деңгейдегі курстар мен семинарларға қатысу да педагогтің білімін көтерудің басты жолдары болмақ. Балабақшаның жылдық жоспары жасалған кезде, алдағы жылға педагогтардың өз білімін жетілдіру жоспары жасалынады. Педагогтарға «Өрлеу» біліктілік арттыру курсы, педагогикалық шеберлік орталығы және балаларды ерте дамыту институтының курстарынан білім алу басты міндетіміз болып есептеледі. Жаңа бағдарламалар, жаңашыл әдіс - тәсіл, баламен жұмыс жасау әдістері, ата – аналармен қарым – қатынысты нығайту

тәсілдерін жаңашаландырып отыру қажет. Әр педагог өз білімін жетілдіріп, іздену үстінде жүруі керек және жан дүниесін сауаттандыру қажет.

Тыңдалды: Ганиева Б - тәрбиеші

«Қарлығаш» ортаңғы жас тобының тәрбиешісі Б. Ганиева өз тобындағы таңертеңгілік жаттығудың күнделікті орындалып жатқандығы туралы айтып өтті. Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді.

Таңертеңгі жаттығу жасау алдында мүлде ерекше міндеттер қойылмайды, атап айтқанда: бала организмін «ояту», оны әрекетшіл қалыпқа келтіру, жан-жақтылыққа, бұлшық ет жүйесіне аздап ықпал ететіндей, организмнің жүрек тынысы және басқа функцияларының қызметін белсенділендіру, ішкі органдар мен сезім органдарының жұмысын стимулдау, тұлғаның дұрыс, жүрістің жақсы қалыптасуына ықпал ету, табанның қисайып кетпеуін болдырмау.

Егер балалар күн сайын таңертең дене жаттығуын жасауға дағдыланса және мүдделі болса, ертеңгілік жаттығу сонысымен құнды. Осындай пайдалы әдет адамда өмір бойында сақталады. Организмнің қорғаныс қабілеті нашар қалыптасқан кішкентай балалар сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне тез ұшырайды. Мектеп жасына дейінгі балалардың денесін шынықтыру кезіндегі басты фактор - оның қимыл әрекетінің қаншалықты дұрыс жолға қойылғандығымен байланысты, себебі мақсатты орындатқан қимыл-қозғалыс жаттығулары бұлшық еттерге қан жүгіртіп, ағза қорегін арттырады.

Таңертеңгі жаттығу балалар бақшасында күнді ұйымдасқан түрде бастауға мүмкіндік береді, күн кестесін дәл орындауға ықпал етеді. Бір уақыттың ішінде бірге жүргізілген бір қалыпты қимыл қызметінде жүгіріп, секіріп, үлгеріп, алып ұшқан балалар тынышталады, ал белсенділігі төмендері белсенділенеді, - деп ойын айтты.

Тыңдалды: Бидаулетова П – тәрбиеші

«Балапан» кіші жас тобының тәрбиешісі П. Бидаулетова топтағы гигиеналық машықтандыру әрекетінің орындалуы туралы айтты. Күнделікті балалардың тамаққа отырғызу кезінде қолдарын жуу және тамақтан кейін беті – қолдарын жуып дағдыланғандары туралы айтты.

Мәдени-гигиеналық білім мен гигиеналық дағдылар баланың денсаулығын нығайтуға, сонымен қатар баланы әдептілікке, саналылыққа баулиды. Баланы жеке бас гигиенасының талаптарын сақтауға баулу олардың саналы түрде қоғамға қажетті негізгі ережелерді сақтап жүруін қалыптастырады. Баланы ең алғашқы гигиеналық дағдыларға ата-анасы үйретсе, гигиеналық білім, тәрбие берудің негізі бала-бақшадан басталады.

Балаларды жеке және қоғамдық гигиеналық дағдыларына тәрбиелеу - олардың денсаулықтарын қорғауда тұрмыстық, қоғамдық мінез-құлықтарының дұрыс қалыптасуында маңызды орын алады. Балалардың гигиеналық ережелері және мінез-құлық нормаларына қажетті білім мен дағдыларын үйреніп – орындаулары, денсаулықтарына да өте пайдалы. Балалармен күнделікті жұмыс процесінде олардың жеке гигиена ережелерін орындаулары үйреншілік әдетке айналып, ал есейген сайын гигиеналық дағдылар үнемі жетілуі керек.

Кейбір жас ата-аналар балабақшаға балаларын алғашқы әкелген кезде, оның өз бетінше дәретке сұрана білмейтінін әңгімелейді. Бұл жағдайда балабақша қызметкерлеріне көптеген қиыншылықтар туындайды, және баланың өзі де ынғайсыздық сезінеді. 8-9 айынан бастап баланы қолын жууға дағдыландырып, тамақтандыру кезінде қолына нан ұстатып, тістеп жеуді үйреткен дұрыс болады. Баланың бетінің бұлшық еттері қалыптасып, тістерінің өсуіне ықпал етеді. Тамақтан кейін аузын салфеткемен сүртіп, баланы тазалыққа дағдыландыру қажет. Уақытымен ішкен тамақ баланы ас ішетін уақытқа, күн тәртібіне үйретеді, сонымен қатар баланың ағзасы да ас қорытуына дағдыланады.

Бала бір жастан аса қимылдары нығайып, тамақ ішкенде қасықты ұстауға ұмтылады. Тамағын шашып-төксе де, өз бетінше тамақ ішуіне үйренгені жөн, бір қасықты бала ұстап, екінші қасықпен ересек оны тамақтандыру керек. Екі жастан аса бала қасықты дұрыс ұстап, аузын өзі сүрте біледі. Тамақтану кезінде тәртіп сақтауға үйренеді: нанмен ойнамау, тамақты шашпай ішуді. 2 жасар бала тамақтан соң аузын ауыз сумен шаю әдеттеріне дағдыландырылады, 1,5 жастағы балалар жартылай шешініп, киіне алады. Екіжарым жастағы бала көйлегін шешіп, шұлығымен шалбарын киеді, ал үш жастағы балаға өз бетінше шешініп, киінуді, түймесін ағытуды үйреткен жөн. Осы жағдайда ғана бала балабақша табалдырығын аттауға дайын деп айтуға болады.

Балабақшадағы ортаңғы және ересек топ жасындағы балалар жеке гигиена ережелерін орындауға жетік түсіне қарауы қажет. Өз беттерімен қолдарын жуу, көбік шықанша сабындау және құрғата сүрту, жеке орамал, тарак, ауыз шаятын стақанды қолдану және барлық заттарды таза болуын қадағалауы керек. Жеке гигиеналық дағдыларын қалыптастыру – баланың үнемі ұқыпты боуын, киіміндегі ақаулықты өздігінен немесе ересектің көмегімен жою икемділігін жорамалдайды. Гигиеналық тәрбие және үйрету мен мәдени мінез-құлық тәрбиесі тығыз байланысты. Сондықтан сәбилер тобынан бастап балалар тамақтану кезінде үстел басында дұрыс отыруға, тамақты мұқият және баяу шайнап, асхана аспаптары мен сүлгілерді қолдана алулары

үйретіледі. Ал асханадағы кезекшіліктер, тек қана үстелді дұрыс жабдықтап қана емес, сонымен бірге кезекшілікке кіріспес бұрын міндетті түрде қолдарын тазалап жуу, өзін тәртіпке келтіру, шашын тарауы керек.

Мәдени-гигиеналық дағдыларына тәрбиелеу міндеттерін шешуге көптеген педагогикалық тәсілдерді баланың жас шамалық ерекшеліктеріне қарай қолданылады. (Тура үйрету, көрсету, іс-әрекеттерді орындау жаттығулары, дидактикалық ойындар, т.б.) Ең бастысы балаға мәдени-гигиеналық немесе жеке-гигиеналық дағдыларды бойына сіңдіру үшін оған гигиена ережелерін жүйелілігін сақтау керектігін үнемі естеріне салып отыру және қойылған талаптарды біртіндеп күрделендіру қажет. Және де әрекеттерді нақты да дәл орындауына бірізділікпен жету керек.

Баланың жеке бас гигиенасының басты дағдыларын түрлі көрнекіліктер көрсету мен қолдау тәсілі арқылы: қолды дұрыс жууға, құрғатып сүртуге, өз бетімен таза және ұқыпты тамақтануға; қасық, кесе, сүлгілерді дұрыс және орынды қолдануға; және тамақтану кезінде аузын жұмып жеуге үйрету. Әрбір тамақтанғаннан кейін ауыз қуысын сумен шайқауды үйрету. Өздігінен киіну және шешіну; киімін ұқыпты бүктеп қою, түймелерді ағыту, бауларды байлау және бір-біріне көмектесу дағдыларын қалыптастыру. Балаларға өздерінің жеке заттары: тарак, ауыз шаятын ыдыс, сүлгі мен бет орамалды қолдану керек екенін түсіндіру.

-Баланың үстелде өзін ұстау мәдениетіне көңіл бөлу, сөздік материалдарды қолданып, тамақ ішу ережелерін сақтауға баулу.

- Үстел құралдарын пайдалана білуді қалыптастыру;

- Үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру;

- Тамақты шайнағанда ауызды жауып шайнау;

- Тамақтанып болған соң ауыз қуысын шаюға баулу.

- 5-6 жастағы балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру:

Өзінің жеке бас гигиенасы дағдылары мен ережелерін сақтауы мен оны орындауын қадағалап отыруға дағдыландыру.

Дене тазалығын сақтауға, қолын, аяғын жууға, тісін ұқыпты тазалауға, ескертусіз тамақтанар алдында қолын жуып және тамақтанып болған соң ауыз қуысын шаюға, үстін, шашын ретке келтіріп отыруға, беліне дейін ылғалды сүртінуіне дағдыландыру қажет, - деп сөзін аяқтады.

Жиналы шешім етті:

1. Педагогтердің өз білімін жетілдіру жұмысының мақсаты мен міндеттерін анықтау мақсатында балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес кезегі келген педагог білім жетілдіру курсына жіберілсін.

2. «Қарлығаш» ортаңғы тобының тәрбиешісі Б. Ганиеваның топтағы балаларға таңертеңгі жаттығылардың орындалуы қанағаттанарлық.

3. «Балапан» кіші жас тобының тәрбиешісі П. Бидаулетованың топтағы балаларға жүргізілген гигиеналық машықтандыру әрекеті қанағаттанарлық.

Балабақша әдіскері:

Хатшы:

Жылысбаева Р
Музафарова Қ

Жылысбаева Р

Музафарова Қ

**Созақ ауданы білім бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай – бақшасы МКҚК
әдістемелік кеңес отырысының**

ХАТТАМАСЫ № 3

Сызған ауылы

15 ақпан 2024 жыл

Қатысқандар: балабақша педагогтары

Тақырыбы: Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың заттық дамытушы орта арқылы ой өрістерінің дамуы».

Күн тәртібінде:

1. Қысқы серуеннің денсаулыққа пайдасы.
2. ҰІӨ жүргізілуін бақылау.
3. Мерекелік іс шаралардың өтілуі.

Тыңдалды: Жылысбаева Р - әдіскер

Балабақша әдіскері Р.Жылысбаева әдістемелік кеңес отырысын ашып, күн тәртібінің регламенттерімен таныстырды. Бүгінгі кеңестің «Мектеп жасына дейінгі балалардың заттық дамытушы орта арқылы ой өрістерінің дамуы» тақырыбында ой қозғады.

Баланы жан - жақты дамытудың тиімді жолдарының бірі, бала қабілетін арттыратын қолайлы заттық кеңістік дамытушы ортасын ұйымдастыру, құру болып табылатынын білесіздер. Заттық - кеңістік дамытушы орта дегеніміз не, оны қалай құрамыз? – деп педагогтарға ой салды.

Тыңдалды: Бидаулетова П - тәрбиеші

Балабақша тәрбиешісі П. Бидаулетова өз пікірін айтты. Заттық - кеңістік дамытушы ортаны құруда міндетті түрде әр жастағы балалардың жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін, қызығушылығын ескеруіміз қажет, Заттық - кеңістіктік дамытушы орта – балаға заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар ортаның болуы. Дамытушы ортада бала ересектердің өзіне деген мейірімді қарым-қатынасын, дербестігін ынталандыруын, жеке басын құрметтеуін, балаға қиын сәттерде қолдау көрсетілетінін сезіне білу керек. Дамытушы ортада балаға өз қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене

отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік ала алуы тиіс, - деп пікірін айтты.

Тыңдалды: Ганиева П - тәрбиеші

Балабақша тәрбиешісі Б. Ганиева өз пікірін айтты.

Дамытушы ортада баланың мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіріліп, әртүрлі әлеуметтік ортадан шыққан балалардың сапалы мектепке дейінгі білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз етілуі тиіс. Дұрыс құрылған дамытушы ортада бала әрекетке ынталандырылады, бала тұлға ретінде дамиды, қабілеттерінің ерте көрінуіне ықпал болады және еркін шешім қабылдауға қалыптасады. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар:

- қауіпсіз;
- қолжетімді;
- әртүрлі;
- мазмұнды;
- көп атқарымды;
- өзгермелі;
- тартымды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылығы көп қырлы болғандықтан, баланың қызығушылығын қолдап, жаңғыртып отырғанда ғана бала бойындағы шығармашылық әлеуетті ашуға ықпал етеміз. Осылайша, нәтижелі ұйымдастырылған заттық-дамытушы орта, балаларға қуаныш сезімін, балабақшаға деген жағымды қарым-қатынасын, балабақшаға келуге деген тілекті шақырады, жаңа әсерлер береді және білімдермен байытады. Белсенді шығармашылық әрекетті тудырады, мектепке дейінгі балалардың зияткерлік және әлеуметтік дамуына мүмкіндік беріп, баланың шығармашылық әлеуетін ашуға ықпал етері сөзсіз, -деп өз ойыны айтты.

Тыңдалды: Сейткаимова А - тәрбиеші

Балабақша тәрбиешісі А. Сейткаимова қысқы серуеннің денсаулыққа пайдасы туралы өз пікірін айтты. Балаларды күнделікті таза ауада серуенге шығарып, апталық циклограмма бойынша жұмыс жасағанын айтты.

Сондай – ақ, балалардың салауатты өмір сүруін қалыптастыруда қысқы серуеннің тигізетін рөлі туралы тоқталды. Серуен балалардың денелерін шынықтыруын қалыптастыруға әсерін тигізеді, көңіл - күйлерін көтереді. Тәрбиеші киінген жарты топтың балаларымен серуенге шыға береді, өйткені балалар терлеп кетеді. Қалған балаларды тәрбиешінің көмекшісі киіндіріп шығарады.

Қысқы уақытта серуен 2 рет өткізіледі, жалпы барлық ұзақтығы 3 сағатқа дейін. 15 градустан төмен және желдің күші 7 м/с болса серуен қысқартылады. Егер температура 20 градустан төмен және желдің күші 15 м/с болса серуен жүргізілмейді. Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатымен тәрбиеші және тәрбиешінің көмекшісі жұмыстың басында топ учаскісін толық тексеріп шығу керек: сынған шыны, сым басқа да, зиянды заттар бомауына. Мектепке дейінгі мекемеде серуенді ұйымдастыру жұмысында тәрбиешінің көмекшісі участка ойын орталығын дайындауға көмектеседі. Балалардың серуенге қызығушылықпен шығуы үшін, оларға әртүрлі қызмет жағдайын тудыру қажет.

Серуеннің тиімді өтуіне жағдай жасау керек.

Балалардың таза ауада серуенде айналаны қоршаған орта туралы толық жүйелі білімдерін толықтыру мақсатында участка орнатылған құрал-жабдықтардан басқа да, керекті көрнекіліктерді алып шығу керек; балалармен серуенде байқағыш, заттарды салыстыру қасиеттерін дамыту және қарапайым қорытынды шығарып үйрету мақсатында жұмыс жасалады. Тәрбиеші қыс мезгілінде серуенді жоспарлағанда балалардың тоңбауларын немесе терlemeулерін ескерулері керек, өйткені бұл денсаулыққа қауіпті. Балалар әртүрлі ойын және дамыту қызметтері кезінде жақсы көңіл - күйде болады да, үлкендердің сөздеріне тез үн қатады, кей кезде керісінше серуеннің тез біткеніне налып сөз қайтарады.

Серуеннің құрылым компоненттері:

1. Бақылау
2. Дидактикалық тапсырмалар
3. Балалардың еңбек қызметі

Қозғалмалы ойындар, жеке жұмыстардың маңызы.

Серуеннің өтілу жүйесі, көбінесе іс - қимылдарға байланысты болады:

- мысалы; (дене тәрбиесі сабағынан кейін серуенге шыққанда, алдымен - бақылауды өткізген абзал, математика және тіл дамыту сабақтарынан кейін – қозғалмалы ойын ойнатқан дұрыс.
- жыл мезгіліне де ,байланысты (салқын кезде қозғалмалы ойындар қарастырылады).
- кіші топтарда жас ерекшеліктеріне байланысты, серуенді бақылаудан бастаған дұрыс болады, ал ересек топтарында – ойыннан;
- балалардың танымдық қызығушылықтарына байланысты.

Бақылау

тәрбиешіге ұсыныс: бақылаудың тақырыбын, мақса - міндеттерін жоспарлап жазып көрсету:

- тірі табиғатты бақылау (құстарды, ағаштарды, бұтақтарды және т.б.);

- өлі табиғатты бақылау және құбылыстарды(күннің көзі, бұлтты, ауа - райын, желді, қарды, қардың жаууы, боранды);
- айналаны қоршаған құбылысты (үлкендердің еңбегін, көлікті, өтіп жатқан адамдарды, қар жинап жатқан машинаны, адамдарды және т.б.).

Балаларды еңбекке баулу қызметі

Тәрбиеші балаларды еңбекке баулу (топ учаскісінде, беседкада) жұмыстарын, олардың қандай түрде өтілетінін көрсетіп жазулары керек – жеке немесе топпен, ұжыммен.

Қозғалмалы ойындар

Серуенде ең кемінде үш ойын ойналу керек. Күндізгі серуенге ойын таңдағанда, серуеннің алдындағы балалардың айналысқан қызметін есепке алу кажет. Тиыш сабақтардан кейін қозғалысы молдау ойын таңдау кажет. Серуеннің басында барлық топпен ойнау керек. Дене тәрбиесі және музыкалық сабақтарынан кейін қозғалысы орталау ойын жоспарлаған жөн. Ондай ойындарды серуеннің ортасында немесе аяғында ойнату кажет. Балалардың қозғалыс дағдыларын пысықтайтындай, дамидындай жаңа ойындарды жоспарлап жазып үйретіп отыру кажет, - деп пікірін айтты.

Тыңдалды: Жылысбаева Р – әдіскер

Балабақша әдіскері Р.Жылысбаева ҰІӨ өткізілуіне бақылау жасағанын айтты. Атап айтқанда әр топтың тәрбиешілерінің жасаған апталық циклограммасына сәйкес жұмыс жасайсыздар. Бақылау мен басшылық барысында күнделікті күн тәртібінің орындалуын қадағалаймын. Соның ішінде ҰІӨ өтілу барысына тоқталайық. «Қарлығаш» ортаңғы тобында күн тәртібі бойынша күнделікті ҰІӨ өз талаптарына сай өткізілдіп отыр. Балаларды қызықтыра алады. Балалар берілген тапсырмаларды қызыға орындайды. Ал «Балапан» кіші жас тобында ҰІӨ ойын түрінде өткізетін болғандықтан жас ерекшеліктерін ескеру кажет. Балаға ойынды күрделендірмей жеңілден ауырға қарай ауыстырып отыру кажет. Ойын шартына түсінбеген балалар тасадан тыскалып қойып жатыр. Жалпы қалып қойған баланы баскада ҰІӨ қатыстыру кажет. Жалпы жұмыстарыңыз күн тәртібі бойынша өткізіліп жатыр, - деп ескерту жасады. «Балапан» кіші жас тобындағы тәрбиешілері П. Бидаулетова мен Н. Мусаеваның ҰІӨ кезінде дауыс ырғағы, бала жүрегіне енуі, бала үнін тындауы өте керемет, - деп өз ойын айтты.

Тыңдалды: Жылысбаева Р – әдіскер

Балабақша әдіскері Р.Жылысбаева балабақшадағы мерекелік іс шаралардың өтілуіне тоқталып өтті. Балабақшаның жылдық жоспарына

сәйкес ай сайынғы мерекелік іс – шаралар өтіп жатыр. Мысалы: «Сәлем, балабақшам!», «Тілім — менің тірегім!», «Қарттар — еліміздің қазынасы!», «Ұстаз — ардақты адам!», «Топтың туған күні!», «Менің Қазақстаным!», «Қош келдің, Алтын күз!» және «Жаңа жыл» мерекесіне арналған ертеңгіліктер өткіздік. Сондай – ақ, аудандық тапсырмалар негізінде де мерекелік іс – шаралар өтіп жатыр. Атап айтқанда: «Мақал сөздің қазығы, жұмбақ ойдың азығы», «Әжем, анам және мен», «Баталы ел көгерер», «Тұғыры биік төл тенге» республикалық іс – шара байқауларына қатысып келеміз. Іс – шараларды әлеуметтік желіге жүктеп, сілтемесімен аудандық білім бөліміне мәлімет беріп жатырмыз. Іс- шараларды өткізу кезінде ата – аналарды қатыстырып, балабақшаға тартып отырмыз.

Жалпы қорыта келе: мерекелік іс – шаралар жақсы өз дәрежесінде өтіп жатыр. Ата – аналардың көңілдерінен шығады. Балалар қуана қатысады. Бірақта әліде өз баласына немқұрайлы қарайтын ата – аналарымыз бар. Баласынын киетін киімін, аяқ киімдерін әкелмей жатады. Сол ата – аналармен жеке кеңестер жүргізу керек, - деп өз пікірін айтты.

Жиналы шешім етті:

1. Балабақша тәрбиешісі А. Сейткасимованың «Қысқы серуеннің денсаулыққа пайдасы» туралы пікірлері назарға алынсын.
2. Балабақша әдіскері Р. Жылысбаеваның топтардағы ҰІӨ жүргізілуін назарда ұстап, ескертулер жүзеге асырылсын.
3. Балабақшадағы мерекелік іс шаралардың өтілуі үнемі назарда болсын.

Балабақша әдіскері:

Хатшы:

Жылысбаева Р.
Музафарова Қ.

Жылысбаева Р

Музафарова Қ